
1) «педагог-модератор»:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) – 6,5 балл немесе тойфл (TOEFL) (internet Based Test (iBT) – 79-84 балл;

француз тілі: дельф (DELFI) – B2;

неміс тілі: гесэ-цэтификат (Goethe-Zertifikat) – B2.

2) «педагог-сарапшы»:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) – 6,5 балл немесе тойфл (TOEFL) (internet Based Test (iBT)) – 85-93 балл;

француз тілі: дельф (DELFI) – B2;

неміс тілі: гесэ-цэтификат (Goethe-Zertifikat) – B2;

3) «педагог-зерттеуші»:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) – 7 балл немесе тойфл (TOEFL) (Интернет бейсд тест (Ай Би Ти) internet Based Test (iBT)) – 94-101 балл;

француз тілі: Дельф (DELFI) – C1;

неміс тілі: гесэ-цэтификат (Goethe-Zertifikat) – C1;

4) «педагог-шебер»:

ағылшын тілі: Айелтс (IELTS) – 7,5 балл немесе тойфл (TOEFL) (Интернет бейсд тест (Ай Би Ти) internet Based Test (iBT)) – 102-109 балл;

француз тілі: Дельф (DELFI) – C1;

неміс тілі: гесэ-цэтификат (Goethe-Zertifikat) – C1.

56. Шетел (қытай, түрік, араб) тілдерін оқытатын педагогтерге жеке өтініш пен бірінші тіл ретінде сөйлейтін елдерде ресми танылған қолданыстағы сертификат негізінде, ПББ рәсімінен өтпей-ақ қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау нәтижесі бойынша Комиссия:

B2 деңгейі – «педагог-модератор»;

C1 немесе C2 деңгейі – «педагог-сарапшы» біліктілік санатын береді.

57. Барлық лауазымдардың педагогтері келесі жағдайларда ПББ тапсырудан босатылады және қызметінің нәтижелерін кешенді қорытындылаудан өтеді:

1) қолданыстағы жүйе бойынша бұрын берілген біліктілік санатын растаған жағдайда 30 (отыз) және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар;

2) «бірінші» немесе «жоғары» біліктілік санаты бар педагогтер «педагог-модератор» біліктілік санатына берген кезде;

3) «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санатын қатарынан екі реттен артық емес растаған жағдайда.

#### **4-параграф. Қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтауды өткізу тәртібі**

58. Комиссия қаңтар мен тамыз аралығында педагогтердің құжаттарын (портфолиосын) қарайды.

59. Материалдарға (портфолиоға) педагогтің эссесі (250-300 сөз) енгізіледі. Эссе тақырыптарын жыл сайын білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Материалдарды (портфолионы) қалыптастыру кезінде академиялық адалдық қағидаты сақталады.

60. «Педагог-модератор», «педагог-сарапшы» біліктілік санатына берген педагогтің материалдары (портфолиосы) Платформада әртүрлі дерекқорлардан құжаттарды (мәліметтерді) жинау және өңдеу арқылы қалыптастырылады.

Платформада әр түрлі дерекқорлардан жинақталатын цифрланған мәліметтер немесе құжаттар (мәліметтер) жетіспеген жағдайда білім беру ұйымының басшысы бұйрығымен тағайындалған жауапты тұлғасының деректерді қолмен енгізуіне жол беріледі.

Педагог жеке кабинетте автоматты түрде енгізілген және жинақталған деректердің толықтығын тексереді.

Комиссия педагогтің материалдарына (портфолиосына) өзгерістер немесе толықтырулар енгізе алмайды.

61. Комиссия мүшелері осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес педагогтің материалдарын (портфолиосын) бағалау парақтарын 12 және 13-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымы басшысының материалдарын (портфолиосын) бағалау парақтарын толтырады. Осы қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес орта (арнайы), қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары педагогінің сабағын (сабақтарын, ұйымдастырылған қызметін, іс-шарасын) бақылау парағы толтырылады.

Педагогтің материалдарын (портфолиосын) қарау кезінде аудио немесе бейнежазба жүргізіледі, ол аттестаттау жүргізетін органда кемінде бір жыл сақталады.

62. Комиссия педагогтің материалдарын (портфолиосын) қарау кезінде білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымның дерекқорында ұсынылған деректерде ПББ сертификатының сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Материалдарды (портфолионы) қалыптастыру кезінде дәйексіз мәліметтер беру фактісі анықталған жағдайда, педагог, бөлім басшысы (менгерушісі), әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасары бес жылға аттестаттаудан өтуге жіберілмейді, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы – үш жылға жіберілмейді, бұл ретте педагогтердің біліктілік санаты «педагог», «басшы», «басшының орынбасары» санаттарына дейін төмендетіледі. Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларда анықталған тәртіппен бірізділік қағидатына сәйкес біліктілік санатын беру (растау) үшін жүргізіледі.

### **5-параграф. Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру (растау) тәртібі**

63. Қызметтің тиісті нәтижелері болған кезде кезекті аттестаттаудан кейін кемінде 2 (екі) жыл өткен соң біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге жол беріледі.

1) «педагог-сарапшы» - педагог кемінде төрт талапқа сәйкес болуы тиіс:

Тізбеге немесе облыстық деңгейдегі білім беруді басқару органы бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлердегі кәсіптік шеберлік конкурстарының жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады;

Тізбеге немесе облыстық деңгейдегі білім беруді басқару органы бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың

уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған педагогтер;

аудандық/қалалық деңгейдегі «Үздік педагог» атағына ие болған;

облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған оқу-әдістемелік кешеннің немесе бағдарламаның немесе әдістемелік материалдардың авторы болып табылады;

C1 (CEFR) деңгейінде ағылшын тілін меңгерген және пәндерді ағылшын тілінде оқытады;

бейіндік пән бойынша халықаралық дәрежедегі кандидат немесе спорт шебері болып табылады;

бейіні бойынша жоғары біліктілік разряды бар өндірістік оқыту шеберлері; инновациялық алаңның немесе жобаның басшысы болып табылады (әдіскерлер үшін).

2) «педагог-зерттеуші» - педагог кемінде бес талапқа сәйкес болуы тиіс:

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады;

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған;

білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік кешеннің, бағдарламаның авторы болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген

жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады;

білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңесте облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

облыстық деңгейдегі «Үздік педагог» атағына ие болған;

инновациялық алаңның немесе жобаның басшысы болып табылатын (әдіскерлер үшін);

білім беру саласындағы уәкілетті орган ұсынған басылымдарда зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметі негізінде жариялау (әдіскерлер үшін);

тәжірибені облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде көрсетеді;

ғылым кандидаты/докторы немесе PhD ғылыми докторы дәрежесі және кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар.

3) «педагог-шебер» - педагог кемінде алты талапқа сәйкес болуы тиіс:

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған;

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпазы немесе жүлдегері болып табылады;

республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған бағдарламаның авторы болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган ұсынған басылымдарда зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметі негізінде жарияланымдары бар;

---

республикалық деңгейде тәжірибені таратады;

ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы дәрежесі және кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар;

Қазақстан Республикасының «Үздік педагогі» атағына ие болған.

64. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысына, басшысының орынбасарына мерзімінен бұрын біліктілік санатын беру мәлімделетін біліктілік санатына сәйкес үздіксіз 2 (екі) жыл бойы қызмет нәтижелеріне қол жеткізген жағдайда жол беріледі.



**Педагогтерді  
аттестаттаудан өткізу  
қағидалары мен шарттарына  
1-қосымша**

**Нысан**

| «Педагогтердің аттестаттаудан өтуі үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімі |  |  |
|--|--|--|
| 1.   | Көрсетілетін қызмет берушінің атауы  | Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармалары, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері, білім беру ұйымдары   |
| 2.   | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері   | egov.kz «Электронды үкімет» порталы;<br>«Ұстаз» педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы» ақпараттандыру нысаны  |
| 3.   | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі   | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: бір жұмыс күні   |
| 4.   | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны  | Электрондық (ішінара автоматтандырылған)   |
| 5.   | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі  | Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған құжаттарды қабылдау туралы немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту хабарламасы. Көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде көрсетіледі  |
| 6.   | ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда қызмет алушыдан алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері                | Жеке тұлғаларға тегін  |
| 7.   | Жұмыс кестесі  | egov.kz «Электронды үкімет» порталы және «Ұстаз» педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы» ақпараттандыру нысаны арқылы: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).   |
| 8.   | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өтініш;</li> <li>2) білім туралы диплом (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);</li> <li>3) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса);</li> <li>4) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);</li> <li>5) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат;</li> <li>6) берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар адамдар үшін);</li> <li>7) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені жинақтауды (таратуды) растайтын құжаттар;</li> <li>8) білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттар.</li> <li>9) Эссе (250–300 сөз).</li> </ol> <p>Жеке басын куәландыратын құжаттар, білімі және еңбек қызметі туралы мәліметтер тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен электрондық үкімет шлюзі арқылы алынады.</p> |

|     |   |  |
|-----|---|--|
|     |   | «Педагог-модератор», «педагог-сарапшы» біліктілік санаттарына аттестатталушылардың 3), 5), 6), 7), 8) тармақтарда көрсетілген құжаттары Платформада жинақталады.   |
| 9.  | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер  | <p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;</p> <p>2) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.</p>  |
| 10. | Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар | Аттестаттау оқу жылында 1 рет өткізіледі. Аттестаттауға өтініш білім беру саласындағы уәкілетті органдар айқындаған мерзімдерде қабылданады. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау ағымдағы оқу жылының қаңтар-тамыз айлары аралығында өтеді. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a> . көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 77777, болған жағдайда порталдың «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a> . |

Педагогтерді аттестаттаудан  
өткізу қағидалары  
мен шарттарына  
2-қосымша

Нысан

Аттестаттау комиссиясының  
төрағасына

---

**Педагогтің аттестаттау рәсіміне қатысуға өтініші**

\_\_\_\_\_ ЖСН \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса))

Лауазымы, жұмыс орны, электрондық пошта \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

20 \_\_\_\_\_ жылы лауазымы (мамандығы) \_\_\_\_\_

біліктілік санатты беру/растау бойынша аттестаттау рәсіміне қатысуға рұқсат  
беруіңізді сұраймын.

Қазіргі уақытта менің \_\_\_\_\_ (күні) \_\_\_\_\_ (айы) \_\_\_\_\_ жылға дейін  
жарамды \_\_\_\_\_ біліктілік санатым бар.

Білім беру ұйымының атауы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Біліктілік санатын беру (растау) тәртібімен таныстым.

« » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ (қолы)

Педагогтерді аттестаттаудан  
өткізу қағидалары  
мен шарттарына  
3-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_  
ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ Т.А.Ә.  
(бар болған жағдайда)

**Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдау туралы хабарлама**

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш қабылданды.

Осы хабарлама « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылы жіберілді.

Педагогтерді аттестаттаудан  
өткізу қағидалары  
мен шарттарына  
4-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_

қызмет алушының Т.А.Ә.  
(бар болған жағдайда)

**Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама**

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш

\_\_\_\_\_ ,  
атап айтқанда /жоқ немесе сәйкес келмейтін құжаттардың атауын көрсету/:

- 1) \_\_\_\_\_ ;
- 2) \_\_\_\_\_ ;
- 3) \_\_\_\_\_ байланысты қабылданбады.

Осы хабарлама « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылы жіберілді.

**Педагогтерді аттестаттаудан  
өткізу қағидалары  
мен шарттарына  
5-қосымша**

**Біліктілік санатын беруге (растауға) арналған  
Комиссия отырысының хаттамасы**

**20 \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_**

Комиссия төрағасы:

\_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Аттестаттау комиссиясының ШЕШІМІ:

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді

| pp /c | Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) | Лауазымы | Қолдағы бар біліктілік санаты | Мәлімделген біліктілік санаты | Берілген біліктілік санаты | Комиссияның шешімі |
|-------|------------------------------|----------|-------------------------------|-------------------------------|----------------------------|--------------------|
|       |                              |          |                               |                               |                            |                    |

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді:

| pp /c | Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) | Лауазымы | Қолдағы бар біліктілік санаты | Мәлімделген біліктілік санаты | Берілген біліктілік санаты | Комиссияның шешімі |
|-------|------------------------------|----------|-------------------------------|-------------------------------|----------------------------|--------------------|
|       |                              |          |                               |                               |                            |                    |

Қолданыстағы біліктілік санатына сәйкес келеді

| р /с | Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) | Лауазымы | Қолдағы бар біліктілік санаты | Мәлімделген біліктілік санаты | Берілген біліктілік санаты | Комиссия шешімі |
|------|------------------------------|----------|-------------------------------|-------------------------------|----------------------------|-----------------|
|      |                              |          |                               |                               |                            |                 |

Қолданыстағы біліктілік санатынан төмен санатқа сәйкес келеді

| pp /c | Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) | Лауазымы | Қолдағы бар біліктілік санаты | Мәлімделген біліктілік санаты | Берілген біліктілік санаты | Комиссия шешімі |
|-------|------------------------------|----------|-------------------------------|-------------------------------|----------------------------|-----------------|
|       |                              |          |                               |                               |                            |                 |

Комиссия төрағасы

\_\_\_\_\_ (ҚОЛЫ)

Комиссия мүшелері



---

\_\_\_\_\_ (ҚОЛЫ)

\_\_\_\_\_ (ҚОЛЫ)

\_\_\_\_\_ (ҚОЛЫ)

Хатшы: \_\_\_\_\_ (ҚОЛЫ)

Педагогтерді аттестаттаудан  
өткізу қағидалары  
мен шарттарына  
6-қосымша

Нысан

20 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
(комиссияның толық атауын көрсету)  
аттестаттау комиссиясы отырысының № \_\_\_\_ хаттамасынан үзінді

Біліктілік санатын беру (растау) кезеңдерінің қорытындысы бойынша  
комиссия ШЕШІМІ

\_\_\_\_\_ аттестатталушы педагогтің, әдістемелік кабинет (орталық), білім беру ұйымы  
басшысының (басшы орынбасарының), тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Біліктілік санаты \_\_\_\_\_ мәлімделген біліктілік  
санатына сәйкес келеді.

\_\_\_\_\_ мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді:

\_\_\_\_\_ біліктілік санатына сәйкес  
келеді.

Комиссия хатшысы

\_\_\_\_\_  
колы

\_\_\_\_\_ Т.А.Ә. (бар болса)



Педагогтерді аттестаттаудан  
өткізу қағидалары  
мен шарттарына  
7-қосымша

**Біліктілік санатын беру (растау) туралы  
КУӘЛІК**

Осы куәлік \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (болған жағдайда)

20\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ біліктілік санаттарын беру (растау) бойынша аттестаттау

комиссиясының шешіміне сәйкес \_\_\_\_\_

(білім беру ұйымының немесе білім басқармасы органының толық атауы)

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № бұйрығымен \_\_\_\_\_ біліктілік санаты

\_\_\_\_\_ лауазымы бойынша берілді (расталды).

(лауазымның атауы)

Осы куәлік 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ дейін жарамды.

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы)

Мөр орны

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

Берілген күні «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл.

Педагогтерді аттестаттаудан  
өткізу қағидалары  
мен шарттарына  
8-қосымша

Нысан

**Педагогтің білімін бағалаудан өтуге өтініш**

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

ЖСН \_\_\_\_\_

e-mail \_\_\_\_\_

Туған күні \_\_\_\_\_

Ұлты \_\_\_\_\_

Жынысы \_\_\_\_\_

Байланыс нөмірі \_\_\_\_\_

Облыс \_\_\_\_\_

Аудан \_\_\_\_\_

Қала (ауыл) \_\_\_\_\_

Жұмыс орны \_\_\_\_\_

Атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, білімі туралы дипломда немесе қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік)

Көрсетілген мамандық бойынша жоғары және жоғары білім беру ұйымындағы оқу мерзімі (оқу жылдары) \_\_\_\_\_

Қолданыстағы біліктілік санаты \_\_\_\_\_

Қолданыстағы біліктілік санатының қолданылу мерзімі (бастап дейін)

«Қызмет бағыты бойынша оқу пәнінің мазмұны» блогы бойынша пән \_\_\_\_\_

Тест тапсыру тілі \_\_\_\_\_

Облыс \_\_\_\_\_

Тест тапсыру орны \_\_\_\_\_

Лек нөмірі, тестілеу күні \_\_\_\_\_

Мүгедектік (бар, жоқ)

Көмекші (иә, жоқ)

Дербес деректерді өңдеуге келісім

Мен, \_\_\_\_\_,  
тегі,аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе мұндай құралдарды пайдаланбай дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға (фото, видео және бейнені пайдалану) мерзімін шектемей, менің дербес деректерімді кез келген заңды тәсілдермен жинауға және өңдеуге өз келісімімді беремін.

Келісемін \_\_\_\_\_

ПББ жүргізу ережелерімен танысу

Мен, \_\_\_\_\_,  
тегі,аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

ПББ өткізу ережелерімен таныстым.

ПББ өткізу ережелерін бұзу фактілері, жол берілмейтін заттар анықталған жағдайда ПББ нәтижелерінің күші жойылатыны туралы хабардар етілді:

- ПББ өткізу кезінде ПББ аяқталғанға дейін аттестатталушы аудиториядан шығарылады;

- тапсыру мерзіміне қарамастан рәсімнің ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда.

Аттестатталушы ПББ өткізу ережелерін бұзу актісіне қол қояды.

Таныстым \_\_\_\_\_

**Педагогтерді аттестаттаудан  
өткізу қағидалары  
мен шарттарына  
9-қосымша**

**Педагогтердің білімін бағалау балдарын бөлу**

**Мектепке дейінгі ұйымдардың және мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтері үшін**

| Біліктілік санаттары | Блок   | Пән бойынша балдар | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|----------------------|--|--------------------|----------------------------------|---------------------------------------|
| Педагог              | Бейіні бойынша әдістемелерді білу, мектепке дейінгі педагогика және психология | 50                 | 50 %                             | 25                                    |
| Педагог - модератор  |  | 50                 | 60 %                             | 30                                    |
| Педагог - сарапшы    |  | 50                 | 70 %                             | 35                                    |
| Педагог - зерттеуші  |  | 50                 | 80 %                             | 40                                    |
| Педагог - шебер      |  | 50                 | 90 %                             | 45                                    |

**Бастауыш білім беру, негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері үшін**

| Санаттар            | Блок           | Пән бойынша балдар | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---------------------|----------------|--------------------|----------------------------------|---------------------------------------|
| Педагог             | Пән-дік білімі | 50                 | 50 %                             | 25                                    |
| Педагог - модератор |                | 50                 | 60 %                             | 30                                    |
| Педагог - сарапшы   |                | 50                 | 70 %                             | 35                                    |
| Педагог - зерттеуші |                | 50                 | 80 %                             | 40                                    |
| Педагог - шебер     |                | 50                 | 90 %                             | 45                                    |

**Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін**

| Санаттар            | Блок                                 | Пән бойынша балдар | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---------------------|--------------------------------------|--------------------|----------------------------------|---------------------------------------|
| Педагог             | Педагогика және психология негіздері | 50                 | 50 %                             | 25                                    |
| Педагог - модератор |                                      | 50                 | 60 %                             | 30                                    |
| Педагог - сарапшы   |                                      | 50                 | 70 %                             | 35                                    |
| Педагог - зерттеуші |                                      | 50                 | 80 %                             | 40                                    |

|                 |    |      |    |
|-----------------|----|------|----|
| Педагог - шебер | 50 | 90 % | 45 |
|-----------------|----|------|----|

**Арнайы ұйымдардың, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері, педагог-ассистенттер, әлеуметтік педагогтер, тәлімгерлер, кәсіптік бағдар берушілер үшін**

| Санаттар            | Блок                                 | Пән бойынша балдар | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---------------------|--------------------------------------|--------------------|----------------------------------|---------------------------------------|
| Педагог             | Педагогика және психология негіздері | 50                 | 50 %                             | 25                                    |
| Педагог - модератор |                                      | 50                 | 60 %                             | 30                                    |
| Педагог - сарапшы   |                                      | 50                 | 70 %                             | 35                                    |
| Педагог - зерттеуші |                                      | 50                 | 80 %                             | 40                                    |
| Педагог - шебер     |                                      | 50                 | 90 %                             | 45                                    |

**Арнайы білім беру ұйымдарының және білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері үшін**

| Санаттар            | Блок   | Пән бойынша балдар | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---------------------|--|--------------------|----------------------------------|---------------------------------------|
| Педагог             | Бейін бойынша пәндік білім:<br>1) «Сурдопедагогика» (есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>2) «Тифлопедагогика» (көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);<br>3) «Дефектология (олигофренопедагогика)» (зияты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балалармен, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін).<br>4) «Логопедия» (сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); | 50                 | 50 %                             | 25                                    |
| Педагог - модератор |  | 50                 | 60 %                             | 30                                    |
| Педагог - сарапшы   |  | 50                 | 70 %                             | 35                                    |
| Педагог - зерттеуші |  | 50                 | 80 %                             | 40                                    |
| Педагог             |  | 50                 | 90 %                             | 45                                    |

|                     |  |  |  |  |
|---------------------|--|--|--|--|
| гог -<br>ше-<br>бер |  |  |  |  |
|---------------------|--|--|--|--|

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (оқу-өндірістік комбинаттар) педагогтері үшін (жалпы білім беретін пәндер, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері):**

| Санаттар            | Блок          | Пән бойынша балдар | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---------------------|---------------|--------------------|----------------------------------|---------------------------------------|
| Педагог             | Пәндік білімі | 50                 | 50 %                             | 25                                    |
| Педагог - модератор |               | 50                 | 60 %                             | 30                                    |
| Педагог - сарапшы   |               | 50                 | 70 %                             | 35                                    |
| Педагог - зерттеуші |               | 50                 | 80 %                             | 40                                    |
| Педагог - шебер     |               | 50                 | 90 %                             | 45                                    |

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өзге де лауазымдарының педагогтері үшін**

| Санаттар            | Блок                                 | Пән бойынша балдар | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|---------------------|--------------------------------------|--------------------|----------------------------------|---------------------------------------|
| Педагог             | Педагогика және психология негіздері | 50                 | 50 %                             | 25                                    |
| Педагог - модератор |                                      | 50                 | 60 %                             | 30                                    |
| Педагог - сарапшы   |                                      | 50                 | 70 %                             | 35                                    |
| Педагог - зерттеуші |                                      | 50                 | 80 %                             | 40                                    |
| Педагог - шебер     |                                      | 50                 | 90 %                             | 45                                    |

**Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, бөлім (бөлімше, сектор, бөлім) басшылары (меңгерушілері) үшін**

| Санаттар            | Блок   | Пән бойынша балдар                            | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |      |    |
|---------------------|--|---|----------------------------------|---------------------------------------|------|----|
| Педагог             | Оқыту әдістемесі, ҚР заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді білу | Оқыту әдістемесі                              | 20                               | 50                                    | 50 % | 25 |
| Педагог - модератор |  |   |                                  |                                       | 60 % | 30 |
| Педагог -           |  | «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 12                               |                                       | 70 % | 35 |

|                     |  |  |    |      |    |
|---------------------|--|--|----|------|----|
| сарапшы             |  |  |    |      |    |
| Педагог - зерттеуші |  | «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы                          | 6  | 80 % | 40 |
| Педагог - шебер     |  | «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы | 12 | 90 % | 45 |

### Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін

| Санаттар                | Блок   |  | Пән бойынша балдар |    | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|-------------------------|--|--|--------------------|----|----------------------------------|---------------------------------------|
| Біліктілік санатын беру | ҚР заңнама-сын және нормативтік құқықтық актілерді білу                      | Қазақстан Республикасы-ның Еңбек кодексі   | 10                 | 60 | 70 %                             | 42                                    |
|                         |  | Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодекс   | 10                 |    |                                  |                                       |
|                         |  | «Білім туралы» Қазақстан Республикасы-ның Заңы   | 10                 |    |                                  |                                       |
|                         |  | «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы-ның Заңы   | 5                  |    |                                  |                                       |
|                         |  | «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы-ның Заңы  | 10                 |    |                                  |                                       |
|                         |  | «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген). | 5                  |    |                                  |                                       |
|                         | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы-ның Заңы | 10   |                    |    |                                  |                                       |

### Қосымша білім беру ұйымдарының бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін

| Санаттар                | Блок  |  | Пән бойынша балдар |    | Біліктілік тестінен өту үшін (%) | Біліктілік тестінен өту үшін (балдар) |
|-------------------------|---|--|--------------------|----|----------------------------------|---------------------------------------|
| Біліктілік санатын беру | ҚР заңнама-сын және нормативтік құқықтық актілерді білу | Қазақстан Республикасы-ның Еңбек кодексі         | 12                 | 60 | 70 %                             | 42                                    |
|                         |   | Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодекс | 10                 |    |                                  |                                       |
|                         |   | «Білім туралы» Қазақстан Республикасы-ның Заңы   | 12                 |    |                                  |                                       |

|  |  |   |    |  |  |
|--|--|---|----|--|--|
|  |  | «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы-ның Заңы                          | 6  |  |  |
|  |  | «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы-ның Заңы | 10 |  |  |
|  |  | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы         | 10 |  |  |



Педагогтерді аттестаттаудан  
өткізу қағидалары  
мен шарттарына  
10-қосымша

Нысан

**Педагогтердің білімін бағалауды өткізу ережелері мен шарттарын бұзу актісі**

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ минут.

\_\_\_\_\_ бұл туралы акт жасалды.

Педагог \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса))

ЖСН \_\_\_\_\_

Жұмыс орны \_\_\_\_\_,

Аудитория № \_\_\_\_, орын № \_\_\_\_, ПББ кезінде аудиториядағы тәртіп ережелерін

бұзды: \_\_\_\_\_.

бұзушылық фактісінің сипаттамасы

Осы факт негізінде материал алынды /педагог аудиториядан шығарылды /  
ПББ нәтижелері жойылды.

Аудитория бойынша кезекші \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)

ПББ жүргізуге жауапты \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)

Бақылаушы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)

Актімен таныстым \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса) педагог қолы)

Күні: \_\_\_\_\_

Мөр орны \_\_\_\_\_

Педагогтерді аттестаттаудан  
өткізу қағидалары  
мен шарттарына  
11-қосымша

Нысан

**Педагогтердің білімін бағалаудан өткені туралы сертификат**

\_\_\_\_\_ педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл, \_\_\_\_\_ біліктілік санатына  
\_\_\_\_\_ қаласындағы ПББ қатысты.

**ПББ нәтижесі**

| № | Модульдің атауы | Тест тапсырмаларының саны | Максималды балл саны | Жинаған балл саны |
|---|-----------------|---------------------------|----------------------|-------------------|
|   | Барлығы         |                           |                      |                   |

Ескертпе: Апелляцияға берген педагогтердің жеке кабинетіне апелляцияны ескере отырып, ПББ өткені туралы анықтама жіберіледі. Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына өтініш берген кезде апелляция нәтижесімен берілген сертификат ескеріледі.

**Педагогтерді аттестаттаудан  
өткізу қағидалары  
мен шарттарына  
12-қосымша**

**Педагогтердің материалдарын (портфолио) бағалау парағы**

| №    | Критерийлер   | Біліктілік санаты  |                            |   |                             | Комиссия балдары |
|------|---|--|----------------------------|---|-----------------------------|------------------|
|      |   | Педагог-модератор  | Педагог-сарапшы            | Педагог-зерттеуші                                 | Педагог-шебер               |                  |
| 1.   | Білім беру сапасын қамтамасыз ету   |  |                            |   |                             |                  |
| 1.1. | Білім сапасы (динамика)/ Білім беру бағдарламасын меңгеру динамикасы (3 жыл ішінде)<br>Ескерту: (тәлімгерлерді, бастапқы әскери және технологиялық даярлықты (АӘД) ұйымдастырушы педагогтерді, ассистент-педагогтерді, педагог - психологтарды, психологтарды, әлеуметтік педагогтерді, педагог-кәсіби бағдар берушілерді қоспағанда) | дәлелдемелердің болуы: нәтижелерді талдау бойынша қорытындылары бар сапа мониторингі, салыстырмалы кестелер/диагностикалық құралдарға сәйкес (білім беру ұйымының мөрімен (платформада аттестатталатын педагогтің құжаттарын қоспағанда) және басшының қолымен расталады)  |                            |   |                             |                  |
|      |   | тұрақсыз динамика 3 жыл бойы   | 3 жыл ішінде бір деңгей де | 1–2%-ға өсу                                       | 3 және одан да көп өсу %    |                  |
|      | Түзету компонентін іске асыру қорытындылары бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларда дағдылардың қалыптасу динамикасы (ПМПК қоспағанда)  | 40 %   | 50 %                       | 60 %  | 70 %                        |                  |
|      | балл  | 1  | 2                          | 3   | 4                           |                  |
| 1.2. | Оқыту сапасы (ұйымдастыру, өткізу)  | сабақты бақылау парақтарының болуы (сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және кеңес беру іс-әрекеті) (білім беру ұйымы басшысы, басшы орынбасары, әдіскер, білім беру ұйымының педагогі, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері;<br>тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының мүшесінен - біреуден кем емес); (платформада аттестатталатын педагогтің құжаттарын қоспағанда) бақылау парағы білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады) |                            |   |                             |                  |
|      | Бақылаулар саны (жыл сайын)   | 5  | 5                          | 5   | 5                           |                  |
|      | Балл  | 61 (70)  | 71 (80)                    | 81 (90)   | 91 (102)                    |                  |
| 2.   | Жетістіктер   | дәлелдемелердің болуы: сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың көшірмелері (платформада аттестатталатын педагогтің құжаттарын қоспағанда, мөрмен куәландырылады)   |                            |   |                             |                  |
| 2.1. | Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) Тізбеге немесе облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) білім басқармасы бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган-  | Білім беру ұйымы   | аудан /қала                | облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) | республикалық (халықаралық) |                  |

|      |   |  |   |   |                             |  |
|------|---|--|---|---|-----------------------------|--|
|      | мен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның тізбесіне сәйкес конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысуы.<br>Ескерту1: тәлімгерлер, АӨТД ұйымдастырушы педагогтері - ұйымдастырушы педагогтер, ассистент-педагогтер, педагог-психологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтер, педагог-кәсіби бағдар берушілер, түзету мекемелеріндегі білім беру ұйымдары педагогтері үшін - бар болса<br>Ескерту 2: егер жеңімпаз/ жүлдегер болса санына қарамастан 1 ұпай қосылады |  |   |   |                             |  |
|      | балл  | 1  | 2   | 3   | 4 (5)                       |  |
| 2.2. | Тізбеге немесе облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) білім басқармасы бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның тізбесіне сәйкес кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысу Ескерту: егер жеңімпаз/ жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады   | білім беру ұйымы   | аудан /қала   | облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)                                   | республикалық (халықаралық) |  |
|      | балл  | 1  | 2   | 3   | 4 (5)                       |  |
| 3.   | Тәжірибені жинақтау және тарату   |  |   |   |                             |  |
| 3.1. | Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар немесе бағдарламалар<br>Ескерту: Егер педагог білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе уәкілетті орган жанындағы РОӘК ұсынған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер және оқу-әдістемелік құралдар тізіміне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болса, оған 4 балл қойылады.  | дәлелдемелердің болуы: оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді, материалдарға сілтеме   |   |   |                             |  |
|      |   | Дидактикалық материалдар (тапсырмалар жинағы, сабақтарды әзірлеу (сабақтар, іс-шаралар) жұмыс дәптерлері, тренажерлер) немесе оқу, әдістемелік құралдар немесе әдістемелік ұсынымдар | Оқуәдістемелік құралдар, әдістемелік ұсынымдар немесе авторлық бағдарламалар                      | Авторлық бағдарламалар  |                             |  |
|      | білім беру ұйымы  | аудан /қала білім бөлі-  | ББ жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе білім беру саласын да уәкілетті органның жанындағы РОӘК | білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлт- |                             |  |

|      |   | ның әдістемелік кеңесі   | мінің оқу-әдістемелік кеңесі | (Ы. Алтынсарин атындағы- Ұлттық білім академиясы)/ ТЖКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/ РҚББОӘО жанындағы РОӘК/ АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК | тық білім академиясы)/ ТЖКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/ РҚББОӘО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК |
|------|---|--|------------------------------|--|---|
| балл |   | 1  | 2                            | 3  | 4   |
| 3.2. | Зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметі немесе оқу-әдістемелік материалдар негізінде семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарында, біліктілікті арттыру курстарында сөз сөйлеу және т.б.  | дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) немесе бағдарлама (бағдарламаның көшірмесі) және ісшара материалдары сілтемесі. Бағдарлама тиісті деңгейде білім беру ұйымымен, ауданның/қаланың, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) білім беруді басқару органдарымен, білім беру саласындағы уәкілетті органмен («Өрлеу «БАҰО» АҚ), РҚББОӘО, Балаларды ерте дамыту институты, «Талар», АИББД ҰҒПО келісілген. |                              |  |   |
| балл |   | білім беру ұйымы   | аудан /қала                  | облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)  | республикалық (халықаралық)   |
| балл |   | 1  | 2                            | 3  | 4 (5)   |
| 3.3. | Зерттеу қызметі (тәжірибені зерттеу) негізінде баспасөздегі жарияланым (3 автордан көп емес)<br>Ескерту:<br>ҒБССҚЕК немесе Scopus және WOS базаларына ұсынған басылымдарда жарияланым болған жағдайда 7 ұпай қосылады   | дәлелдемелердің болуы: басылымның көшірмесі (басылымға сілтеме)  |                              |  |   |
| балл |   | -  | -                            | 5  |   |
